

«Асыл тұқымдық куәлік беру ережесі мен нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 6 қарашадағы № 685 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 3 қазандағы № 15-07/492 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Асыл тұқымдық куәлік беру ережесі мен нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 6 қарашадағы № 685 (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 5364 болып тіркелген) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (С.С. Хасеновке) осы бұйрықтың көшірмесін бір апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрілігіне жіберсін және ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков